

Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 қарашада № 21680 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 74), 77) тармақшаларына, 156-бабының 2-тармағына, 174-бабының 6-тармағына, 176-бабының 3-тармағына, 176-1-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға жіберілмейтін психикалық белсенді заттарды тұтынумен байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға қатысты медициналық қарсы көрсетілімдердің тізімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес психикалық белсенді затты тұтыну фактісін және мас болу күйін анықтау үшін медициналық куәландыру жүргізу қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жыныстық сәйкестендіру бұзылулары бар адамдар үшін медициналық куәландыру және жынысты ауыстыруды жүргізу тәртібі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес мерзімінен бұрын жазылып шыққан ретінде сот қаулысымен шығарылғандардан басқа, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты мәжбүрлеп емдеуде болған адамдар психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымнан шығарылғаннан кейін мәжбүрлеп емдеуге ұшыраған адамдардың қолдап емдеуден өту қағидалары;

6) осы бұйрыққа 5-1 қосымшаға сәйкес консультативтік байқауды көрсету қағидалары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.03.2025 № 24 (06.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-203/2020
Бұйрыққа 1-қосымша

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар, өздеріне қатысты психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға жолдама беру қолданылмайтын адамдардағы медициналық қарсы көрсетілімдердің тізімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.11.2025 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Аурулар	Аурулардың халықаралық жіктемесі бойынша коды -10
1-тарау. Туберкулез		
1	Деструктивтік және бациллярлық нысандары бар туберкулез	A15 - A19
2-тарау. Көбінесе жыныстық жолмен берілетін инфекциялар		
2	Мерездің кеш нысандары	A52
3-тарау. Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауру		
	Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған, қатерлі ісіктер түрінде,	

3	терминалдық сатыда, көптеген аурулардың көріністерімен пайда болатын ауру	B20 – B24
4-тарау. Қатерлі ісіктер		
4	Қатерлі ісіктер	C00 - C97
5-тарау. Қан, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар		
5	Декомпенсацияның орташа және ауыр дәрежесіндегі иммундық механизмді тартатын қан, қан өндіру ағзаларының аурулары және жекелеген бұзылулар	D50 - D89
6-тарау. Эндокриндік жүйе аурулары, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасудың бұзылуы		
6	Уытты емес зобтың басқа түрлері	E04
7	Тиреотоксикоз [гипертиреоз]	E05
8	Комамен инсулинге тәуелді қантты диабет	E10.0
9	Кетоацидозбен инсулинге тәуелді қантты диабет	E10.1
10	Көптеген асқынулары бар инсулинге тәуелді қантты диабет	E10.7
11	Комамен инсулинге тәуелсіз қантты диабет	E11.0
12	Кетоацидозбен II типті қантты диабеті	E11.1
13	Көптеген асқынулары бар инсулинге тәуелсіз қантты диабет	E11.7
7-тарау. Психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар		
14	Тамырлы деменция	F01
15	Басқа бөлімдерде жіктелген анықталған басқа аурулардағы деменция	F02.8
16	Анықталмаған деменция	F03
17	Алкогольге немесе басқа психикаға белсенді әсер ететін заттарға байланысты емес органикалық амнестикалық синдром	F04
18	Органикалық галлюциноз	F06.0
19	Органикалық кататоникалық бұзылушылық	F06.1
20	Органикалық сандырақтық (шизофренияға ұқсас) ауруы	F06.2
21	Мидың ауруы, зақымдануы және дисфункциясы салдарынан басқа органикалық тұлғалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары	F07.8

22	Делириймен алкогольдік абстиненттік жағдай	F10.4
23	Шизофрения - үздіксіз және ұстамаға ұқсас прогрессивтік ағым типі бар, (тұрақты) жеке басының кемістігі бар барлық түрлері	F20
24	Басқа созылмалы сандырақтық бұзылулар	F22.8
25	Шизоэфективті бұзылулар	F25
26	Психотикалық белгілері бар маниакалдық эпизод	F30.2
27	Биполярлық аффективтік бұзылулар	F31
28	Психоз симптомдары белгілері бар ауыр депрессиялық эпизод	F32.3
29	Көңіл-күйдің қайталанатын депрессиялық бұзылуы	F33
30	Жеңіл, орташа және ауыр ақыл-ой кемістігі	F7
8-тарау. Нерв жүйесінің аурулары		
31	Негізінен орталық нерв жүйесін зақымдайтын жүйелік атрофиялар	G10 - G13
32	Экстрапирамидалық және басқа да қозғалыс бұзылулары	G20 - G26
33	Нерв жүйесінің басқа дегенеративті аурулары	G30 - G32
34	Орталық нерв жүйесінің демиелинизациялық аурулары	G35-G37
35	Эпизодтық және пароксизмальды бұзылушылықтар	G40 - G47
36	Полиневропатиялар және перифериялық нерв жүйесінің басқа да зақымданулары (кодтар)	G60 - G64
37	Орталық нерв жүйесінің басқа бұзылыстары	G 96.8
		G 96.9
9-тарау. Көз және оның қосалқы аппаратының аурулары		
38	Тамырлы қабық пен тордың аурулары	H30 - H34
39	Бастапқы жабық бұрышты глаукома	H40,2
40	Көру нерві мен көру жолдарының аурулары	H46 - H48
41	Биокулярлы соқырлық	H54.0
42	Көрудің биокулярлы жеңіл бұзылуы немесе оның болмауы	H54.3
43	Басқа менингококк инфекциялары	A39.8

10-тарау. Қанайналым жүйесінің аурулары		
44	II-III дәрежелі қанайналым бұзылған ақаулары бар жүректің созылмалы ревматикалық аурулары.	I05 - I09
45	Жіті миокард инфарктісі	I 21
46	Жіті миокард инфарктісінің кейбір ағымдағы асқынулары	I 23
47	Жүректің жіті ишемиялық ауруының басқа түрлері	I 24
48	Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы; II-III дәрежелі қан айналымы бұзылған инфаркттан кейінгі кардиосклероз	I 25
49	Өкпелік жүрек және өкпе қан айналымының бұзылуы	I 26 - I28
50	Жүректің басқа аурулары (III-IV дәрежелі ФК-мен жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің ауыр бұзылулары бар).	I 30 - I52
51	Жоғары қан қысымымен сипатталатын аурулар (II - III дәрежелі гипертониялық ауру, сондай-ақ жиі криз жағдайлары бар гипертониялық ауру)	I 10-I15
52	Цереброваскулярлық аурулар (ми қан айналымының жіті бұзылуы және парез, паралич, афазия, атаксия құбылыстарымен ми қан айналымының жіті бұзылуынан кейінгі жай-күй), басқа да цереброваскулярлық аурулар	I 60 - I69
53	Айқын білінетін қайтымсыз трофикалық өзгерістері (некроз) және аяқ-қол функцияларының бұзылуы бар артериялардың, артериолалар мен капиллярлардың аурулары	I 70 - I79
11-тарау. Тыныс алу ағзаларының аурулары		
54	II - III дәрежелі II - III дәрежелі өкпе функциясының жеткіліксіздігі бар төменгі тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары	J43 - J47
55	II-III дәрежелі өкпе-жүрек функцияларының жеткіліксіздігі бар сыртқы агенттер тудыратын өкпе аурулары.	J60 - J70, J84
12-тарау. Ас қорыту ағзаларының аурулары		

56	Асқыну, декомпенсация сатысындағы асқазан-ішек жолдарының аурулары.	K20 - K77
57	Жіті панкреатит	K85
58	Ұйқы безінің басқа аурулары	K86
13-тарау. Тері және тері асты жасушаларының аурулары		
59	Асқыну сатысындағы жүйелі дерматоздар	L10 - L14, L98
60	Кәдімгі псориаз	L40.1
14-тарау. Сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тін аурулары		
61	II - III дәрежелі ағзалар функциясының бұзылуымен дәнекер тіннің жүйелі зақымдануы	M30 - M36
62	Омыртқа, қабырға, II-III сатыдағы НЖФ-мен ірі буын қозғалғыштығы шектелген спондилопатиялар	M45 - M49
15-тарау. Несеп-жыныс жүйесінің аурулары		
63	Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі бар несеп-жыныс жүйесінің аурулары	N00 - N99
16-тарау. Туа біткен ауытқулар (даму), деформациялар және хромосомалық бұзылулар		
64	Декомпенсация немесе асқыну сатысындағы қанайналым жүйесінің туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері)	Q20 - Q28
65	Декомпенсация немесе асқыну сатысындағы тыныс алу ағзаларының туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері)	Q30 - Q34
66	Декомпенсация немесе асқыну сатысындағы ас қорыту ағзаларының туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері)	Q38 - Q45
67	Декомпенсация немесе өршу сатысындағы жыныс мүшелерінің туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері)	Q50 - Q56
68	Декомпенсация немесе өршу сатысындағы несеп жүйесінің туа біткен ауытқулары (даму)	Q60 - Q64
69	Туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері) және декомпенсация немесе өршу сатысындағы сүйек-бұлшықет жүйесінің қисаюлары	Q65 - Q79

70	Декомпенсация немесе өршу сатысындағы басқа да туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері)	Q80 - Q89
17-тарау. Жарақаттар, улану және сыртқы себептер әсерінің басқа да салдары		
71	Ауыстырып салынған ағзалар мен тіндердің өлуі және қабылданбауы	T86

Ескертпе: осы психикаға белсенді әсер ететін заттарды (бұдан әрі – ПБЗ) тұтынумен байланысты психикалық, мінез құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) (бұдан әрі-ПМБ) бар адамдардағы медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесі ПБЗ тұтынумен байланысты ПМБ бар адамдарды психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдардағы мәжбүрлеп емдеу бөлімшелеріне қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-203/2020
Бұйрыққа 2-қосымша

Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 176-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) (бұдан әрі – ПМБ) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтатудың тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Динамикалық байқау, оның ішінде динамикалық байқауға жатпайтын аурулары бар науқастарды диагностикалық зерттеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне және диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес жүргізіледі.

2-тарау. Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқауды тоқтату тәртібі

3. ПМБ бар адамдарды динамикалық байқау созылмалы ПМБ ағымының өршуі мен нашарлауының алдын алу мақсатында жүзеге асырылады, оған: емдеу-диагностикалық іс-шаралар, денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлей отырып оңалту әлеуетін айқындау, қоғамдық қауіпті іс-қимылдың алдын алу кіреді.

4. ПМБ бар адамдарды динамикалық байқау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау топтары, динамикалық байқауға алу, ауыстыру, тоқтату өлшемшарттарына, сондай-ақ байқау жиілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ПМБ бар адамдарды динамикалық байқауды психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психиатриялық бейіндегі дәрігерлер жүзеге асырады.

6. ПМБ бар адамды динамикалық байқауға алу өлшемшарттарын белгілеу кезінде психиатриялық бейіндегі дәрігер мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) пациентті оған динамикалық байқауды жүзеге асыру қажеттігі, қарап-тексерулерді, зертханалық және аспаптық зерттеулерді жүргізу тізбесі, көлемі, кезенділігі, байқау мерзімдері туралы хабардар етеді;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ПМБ бар адамның динамикалық байқауға алу туралы жазбаша келісімі болған жағдайда, оған динамикалық байқау белгіленеді;

3) ПМБ бар адам немесе оның заңды өкілі динамикалық байқауды өз еркімен алудан бас тартқан жағдайда, оның немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз динамикалық байқауды белгілеу мәселесін шешу үшін адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі – ДКК) отырысына жіберіледі;

4) ПМБ бар адамды динамикалық байқауға алу кезінде бастапқы қарап-тексеруді жүргізеді, динамикалық байқау тобын, қарап-тексеру кезенділігін, денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру қажеттілігін айқындайды, жеке тәсілді ескере отырып, емдеудің жеке жоспарын, оңалтудың жеке бағдарламасын және басқа да іс-шараларды жасайды, деректер "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес айқындалатын нысанындағы электрондық ақпараттық жүйелерге (бұдан әрі – ЭАЖ) енгізіледі;

5) мерзімді қарап-тексеруді және диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін, бейінді мамандардың қорытындылары мен ұсынымдарын бағалауды жүргізеді;

6) қажет болған кезде түзетулер енгізе отырып, емдеу, оңалту (абилитациялық) іс-шараларының тиімділігін мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады;

7) тиісті көрсетілімдер болған кезде медициналық-әлеуметтік сараптамаға, медициналық-әлеуметтік оңалтуға, стационарды алмастыратын, стационарлық, оның ішінде мәжбүрлеп емдеуге жіберу құжаттары мен жолдаманы ресімдейді;

8) денсаулық сақтаудың бейінді мамандарының консультациясына, қажетті зертханалық және аспаптық зерттеп-қарауларға, психологтың қарап-тексеруіне, клиникалық және әлеуметтік көріністерге сәйкес әлеуметтік қызметкер мен өзге де мамандардың консультациясына жібереді;

9) тұрғылықты жері бойынша ПМБ бар адамға барады;

10) медициналық-әлеуметтік көмек көрсету деңгейлерінің, шарттары мен түрлерінің сабақтастығын жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.01.2022 № ҚР ДСМ-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. ПМБ бар адамды динамикалық байқау кезінде психолог мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) психологиялық консультация беруді, эксперименттік-психологиялық зерттеп-қарауды (зерттеуді), психокоррекцияны, жеке және топтық тренингтерді жүргізеді;

2) пациенттерге және олардың туыстарына жеке, кәсіби және тұрмыстық психологиялық проблемаларды шешуде көмек көрсетеді;

3) емдеудің жеке жоспарын, оңалтудың жеке бағдарламасын жасауға және басқа да іс-шараларға қатысады;

4) ПМБ бар адамдар мен олардың туыстары үшін психогигиена және салауатты өмір салты мәселелері бойынша әңгімелесулер, дәрістер, семинарлар өткізеді.

8. ПМБ бар адамды динамикалық бақылау кезінде әлеуметтік қызметкер мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ПМБ бар адамға және оның жақын туыстарына өз мұқтажын және әлеуметтік көмекке мұқтаждығын айқындауға көмек көрсетеді;

2) денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің түрлері мен шарттарын оны көрсетудің талаптары мен жалпы қағидаттарына сәйкес айқындайды;

3) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

9. ПМБ бар адамды динамикалық байқау кезінде мейірбике мынадай іс - шараларды жүзеге асырады:

1) тұрғылықты жері бойынша ПМБ бар адамның патронажы;

2) медициналық құжаттаманы толтыру;

3) ПМБ бар адамды мерзімді тексеріп-қарау және тағайындалған зерттеп-қараулардан, емделуден, мамандардың консультацияларынан және емдеу жоспарына, оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес басқа да іс-шаралардан өтуін бақылау;

4) қарап-тексеру нәтижелерін, зерттеп-қарау деректерін, бейінді мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, пациенттің күнделігін жүргізуге үйрету (заңды өкілі, жақын туысы тарапынан өзін-өзі бақылау немесе бақылау);

5) ПМБ бар адамдар мен олардың туыстары үшін психогигиена және салауатты өмір салты мәселелері бойынша әңгімелесулер, дәрістер, семинарлар өткізу.

10. Динамикалық байқаудағы ПМБ (F00-F99) бар барлық адамдарды дәрі-дәрмекпен, оның ішінде тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз ету қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Есептен шығару және динамикалық байқаудың басқа тобына ауыстыру учаскелік психиатр дәрігердің ұсынымы бойынша ДКК шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

12. ПМБ бар адамдарды динамикалық байқауды тоқтату және есептен шығару мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) динамикалық психиатриялық байқау топтарындағы ПМБ бар адамдарға динамикалық байқау көрсету үшін кемінде 12 ай есепке алу өлшемшарттарының болмауы, ремиссия мерзімі динамикалық наркологиялық байқау тобы үшін белгіленген динамикалық байқау мерзімінен 3 жылдан кем емес;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шыға отырып, тұрақты тұратын жерінің өзгеруі.

Пациенттің Қазақстан Республикасының шегінде тұрақты тұрғылықты жері өзгерген жағдайда, ЭАЖ-дегі деректерді өзгерте отырып, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін тиісті аумақтық ұйымға бекітуді өзгерту жүзеге асырылады;

3) 12 айдың ішінде орналасқан жері туралы нақты мәліметтердің болмауы (учаскелік полиция инспекторының рапортымен және учаскелік мейіргердің патронажымен екі айда кемінде 1 рет расталады);

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес бекітілген № 045/е нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәліктің негізінде және (немесе) бекітілген халық тіркеліміндегі деректермен расталған өлім;

5) динамикалық психиатриялық байқаудың екінші тобында есепте тұрған F20 "Шизофрения" диагнозы бар адамдар: динамикалық байқауға алынған сәттен бастап 12 ай ішінде мүгедектік тобы анықталмаған жағдайда;

б) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.06.2022 № ҚР ДСМ-51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Динамикалық байқаудан алынған ПМБ бар адамдар туралы мәліметтер контингенттен шығарылады, бірақ статистикалық көрсеткіштерді есептеу үшін ПМБ бар адамдарды есепке алу жөніндегі ЭАЖ-да сақталады.

14. ДКК шешімінің негізінде жүзеге асырылатын динамикалық байқауға алу, динамикалық байқауды алып тастау, есептен шығару және динамикалық байқаудың басқа тобына ауыстыру туралы деректерді енгізу тек ЭЦҚ-мен расталған ДКК мүшелерінің логин, паролі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 14-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидаларына
1-қосымша

Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау топтары, динамикалық байқауға алу, ауыстыру, тоқтату өлшемшарттары, сондай-ақ байқау жиілігі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Динамикалық байқау тобы	ПМБ бар адамдарды динамикалық байқауға алу өлшемшарттары	Б а й қ а у мерзімділігі	ПМБ бар адамды басқа топқа ауыстыру өлшемшарттары	ПМБ бар адамды динамикалық байқауды тоқтату өлшемшарттары
1	2	3	4	5	6
		Психикалық жай-күйі			ЭАЖ-да "сауығу, тұрақты

1	Динамикалық психиатриялық байқаудың 1-тобы	бойынша әлеуметтік-қауіпті әрекеттерге бейім, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылдық әрекеттерін жасау тәуекелі бар, сондай-ақ есі дұрыс емес күйде аса қауіпті әрекеттерді жасаған және сот шешімімен амбулаториялық мәжбүрлеп емдеу түріндегі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары анықталған адамдар.	айына кемінде бір рет		жақсару" деп көрсете отырып, 3-бағанда көрсетілген өлшемшарттардың болмауы, кемінде 12 ай; қызмет көрсетілетін аумақтан тыс жерлерге бару арқылы тұрғылықты жерін өзгерту; ЭАЖ-да "мәліметтердің болмауы" деп көрсете отырып, учаскелік полиция инспекторының баянатымен және учаскелік мейіргердің екі айда кемінде 1 р е т патронажымен расталған 12 ай ішінде орналасқан жері туралы нақты мәліметтердің болмауы; "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
2		ПМБ бар, оның ішінде F8 және F 9 диагностикалық айдарларында көрсетілген ПМБ қоспағанда психикалық ауруы бойынша мүгедектігі бар деп танылған адамдар; анықталғаннан кейін бір жыл бойы F20 "Шизофрения" диагнозы бар адамдар (бұл ретте мүгедектігі бар адам деп танылған жағдайда ол динамикалық психиатриялық байқаудың 2-		осы жолдың 3-бағанында көрсетілген енгізу өлшемшарттарының болмауы, кемінде 12 ай	Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді

		тобында байқаудан өтуді жалғастырады)		мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес бекітілген № 045 /е нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлік негізінде және (немесе) ЭАЖ-да "өлім" деп көрсете отырып, бекітілген халық тіркеліміндегі деректермен расталған өлім; сондай-ақ динамикалық психиатриялық байқаудың 2-тобында есепте тұрған "
3	Динамикалық психиатриялық байқаудың 2-тобы	2 А – психотикалық симптоматиканың жиі және айқын асқынулары, д-компенсациялары бар, тегін амбулаториялық емдеу шеңберінде психофармакотерапияны қажет ететін адамдар, оның ішінде F8 және F9 диагностикалық айдарларында көрсетілген ПМБ бар адамдар	үш айда кемінде бір рет	"Шизофрения" F20 диагнозы бар адамдар үшін: динамикалық байқауға алынған сәттен бастап 12 ай ішінде мүгедектік тобы белгіленбеген жағдайда.
4		2Б – жай-күйі тұрақтанған, орташа прогрессивті процесс ағымы және аяқ астынан болатын ремиссиялары бар адамдар.	алты айда кемінде бір рет	ЭАЖ-да "сауығу, тұрақты жақсару" деп көрсете отырып, ремиссия мерзімі белгіленген динамикалық байқау мерзімінен 3 жылдан кем емес; қызмет көрсетілетін аумақтан тыс жерлерге бару
		1) Сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеу үшін бөлімшелерге жіберілген адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 2) Сот-наркологиалық сараптаманың		

Динамикалық
наркологиалық
байқау тобы

қорытындысы негізінде сот шешімі бойынша ем тағайындалған адамда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ;
3) Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған бас бостандығынан айыру орындарынан жіберілген адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ;
4) Стационарлық емдеу жағдайында ПБЗ тұтыну салдарынан психотикалық бұзылушылықты бастан кешіргеннен кейін ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ;
5) Әлеуметтік қауіпті әрекеттерге бейім адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ;
6) Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарына 6 ай ішінде екі рет орналастырылған адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ;

тұлғаның жеке ерекшеліктеріне және аурудың ағымына байланысты жылына кемінде алты рет

арқылы тұрғылықты жерін өзгерту; ЭАЖ-да "мәліметтердің болмауы" деп көрсете отырып, учаскелік полиция инспекторының баянатымен және учаскелік мейіргердің екі айда кемінде 1 рет патронажымен расталған 12 ай ішінде орналасқан жері туралы нақты мәліметтердің болмауы; "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес бекітілген № 045 /е нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық

	7) Динамикалық байқауға өз еркімен келісім берген адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ.		куәлік негізінде және (немесе) ЭАЖ-да "өлім" деп көрсете отырып, бекітілген халық тіркеліміндегі деректермен расталған өлім.
--	---	--	--

Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидаларына 2-қосымша

Динамикалық байқауды жүргізуге жазбаша келісім/бас тарту бланкісі

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, _____ ЖСН _____
(Мен, баланың/күтім жасалатын адамның _____ ЖСН _____
_____ ата-анасы (қамқоршысы)) _____

_____ мекенжайы бойынша тұрамын, наркологиялық аурудың (диагноз: _____) болуына

байланысты медициналық-әлеуметтік-құқықтық аспектілер және және динамикалық

байқаудан бас тартудың ықтимал салдары туралы хабардар болдым.

Мен, _____ (Мен, _____ баланың/күтім жасалатын адамның _____ ата-анасы (қамқоршысы)) динамикалық байқаудан бас тартамын.

Мен, _____ (Мен, _____ баланың/күтім жасалатын адамның _____ ата-анасы (қамқоршысы)) динамикалық байқауға келісемін және динамикалық байқау жүргізу қағидалары, қарап-тексерулерді өткізу кезеңділігі, зертханалық және аспаптық зерттеулер, байқау мерзімдері туралы хабардар болдым.

Қолы Күні

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-203/2020
Бұйрыққа 3-қосымша

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландырудан өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабына сәйкес әзірленді және психикаға белсенді әсер ететін затты (бұдан әрі – ПБЗ) тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады

1) есірткі құралдары – "Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер туралы 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулері бар 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылауға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген синтетикалық немесе табиғи текті заттар;

2) мас болу жағдайы – ПБЗ-ның жіті уыттануы салдарынан туындайтын және психикалық, мінез-құлық, вегетативтік және соматоневрологиялық бұзылулар кешенімен сипатталатын жай-күй;

3) психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыру (бұдан әрі – медициналық куәландыру) – психикалық денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жүргізілетін есірткілік, алкогольдік масаң күйде болу жағдайын және басқа да психикаға белсенді әсер ететін заттардан масаң күйде болу жағдайын анықтау мақсатында адамды зерттеп-қарау;

4) медицина қызметкері – кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

5) психикаға белсенді әсер ететін заттар – бір рет қабылдағанда адамның психикалық және тәндік функцияларына, мінез-құлқына әсер ететін, ал ұзақ уақыт тұтынған кезде психикалық және тәндік тәуелділік туғызатын синтетикалық немесе табиғи жолмен алынған заттар (алкоголь, есірткі, психотроптық заттар, олардың аналогтары, басқа да есеңгірететін заттар);

6) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және

ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.01.2022 № ҚР ДСМ-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.02.2026 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберу "Масаң күйді куәландыруға жіберу, масаң күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 650 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36770 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 13.02.2026 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу тәртібі

4. Медициналық куәландыру мемлекеттік медициналық ұйымдарда жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және уақытша болатын шетелдік адамдар, сондай-ақ қоғамдық орында, жұмыста масаң күйдегі не көлік құралын басқаратын азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде медициналық куәландыруға жатады.

Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматтарын медициналық куәландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

6. Психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтауды тәулік бойы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен психиатр дәрігер немесе психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және

масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласында қосымша білім алған басқа мамандықтардың медицина қызметкері жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Медициналық куәландыруды жүргізу алдында медицина қызметкері жеке басын куәландыратын құжаттармен немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттармен танысып, медициналық куәландыруға жіберілген немесе келген адамды сәйкестендіруді жүзеге асырады.

Медициналық куәландыру қорытындысында куәландырушы адамның психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдалану фактісін және мас болу жағдайын анықтау үшін құжаттар болмаған кезде (бұдан әрі – Қорытынды) жіберген адамның немесе куәландырылатын адамның сөздерінен паспорттық деректерді алу туралы міндетті түрде көрсете отырып, адамның ерекше белгілері көрсетіледі. Қорытынды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттардың болмауы куәландырудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

Медициналық куәландыруға жіберілген адамның жеке басын анықтау медицина қызметкерінің құзыретіне кірмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.01.2022 № ҚР ДСМ-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Медициналық куәландыру мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымында шұғыл медициналық көмек көрсетуге мұқтаж адамдарды қоспағанда, барлық жеткізілген және жүгінген адамдарға жүргізіледі.

Мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымында адамды ауыр, ес-түссіз күйде жеткізу кезінде ПБЗ-ны пайдалануға байланысты жай-күйді анықтау үшін екі рет (30-60 минут аралықпен), организмнің биологиялық сұйықтықтарында ПБЗ-ның (қан, несеп, сілекей) болуына сандық зерттеу жүргізіледі.

Биологиялық ортаның осы үлгілері зерттеп-қарау жүргізілген медициналық ұйымда олардың сақталуына кепілдік беретін қажетті шарттарды сақтай отырып, алынған күннен бастап күнтізбелік 25 күннің ішінде сақталады.

Жеке тұлға ауыр, ес-түссіз күйде денсаулық сақтау ұйымына жеткізілген кезде медициналық көмек көрсету сәтінде науқастың медициналық картасына клиникалық зерттеп-қарау және биологиялық үлгілерді зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша жеке тұлғада мас болу жай-күйінің болуы (болмауы) немесе ПБЗ пайдалану фактісі туралы жазба жасалады, бұл ретте Қорытынды жасалмайды.

9. Қорытындының негізі психикалық және соматоневрологиялық жағдайды кешенді бағалау түріндегі клиникалық зерттеп-қарау деректері болып табылады.

Биологиялық ортаға зертханалық зерттеу немесе экспресс-тестілеу жүргізу (алкогольдік мас болуға күдік болған кезде қан немесе несеп, есірткілік немесе уытқұмарлық мас болуға күдік болған кезде несеп) мынадай жағдайларда қажет болып табылады:

- 1) куәландырылушының жай-күйінің ауырлығына байланысты толық куәландырудың мүмкін еместігі;
- 2) медицина қызметкері мас күйін (психикалық, мінез-құлықтық, вегетативтік және соматоневрологиялық бұзылуларды) кешенді бағалауда күмәні болған жағдайда;
- 3) куәландырылушы Қорытынды нәтижелерімен келіспеген жағдайларда;
- 4) қайта куәландыру;
- 5) ПБЗ қолдану фактісі анықталған кезде және масаң жай-күй белгілері (психикалық, мінез-құлық, вегетативтік және соматоневрологиялық бұзылулар) болмаған кезде;
- 6) жол-көлік оқиғасы немесе зардап шеккен адамдардың қатысуымен құқық бұзушылық жасалған кезде;
- 7) егер жол-көлік оқиғасы және құқық бұзушылық жасалған кезден бастап зардап шегушілерсіз 3 (үш) сағаттан астам уақыт өтсе.

10. Биологиялық сынамаларды жүргізудің сипаты мен дәйектілігін куәландырылушының клиникалық жай-күйінің ерекшеліктеріне байланысты куәландыру жүргізетін медицина қызметкері айқындайды.

Зертханалық зерттеу үшін іріктелген биологиялық сынамаларды мөрлеу және заттаңбалау куәландырылушының және куәландырылушыны жіберген және (немесе) жеткізген адамның қатысуымен жүргізіледі.

Егер куәландырылатын адам болып жатқан оқиғаларды объективті бағалай алмаған жағдайда, бұл рәсім куәгерлердің (мүдделі емес адамдардың) қатысуымен жүргізіледі.

11. Медициналық куәландыру жүргізу кезінде алкогольді тұтыну фактісін және алкогольден мас болу жай-күйін анықтау үшін алкогольге шығарылған ауаны сандық зерттеу жүргізіледі.

Шығарылатын ауаны алкогольдің болуына зерттеу "Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22175 болып тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасында ресми тіркелген техникалық өлшеу құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Егер психикалық және (немесе) соматоневрологиялық бұзылуларға немесе оны куәландырудан бас тартуға байланысты куәландыруды толық көлемде жүргізу мүмкін

болмаса, Қорытындыда куәландыруды толық көлемде жүргізудің мүмкін еместігінің себептері көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 19.03.2025 № 24 (06.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.02.2026 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12. Адам медициналық куәландырудан бас тартқан жағдайда, медицина қызметкері Қорытындының 1-тармағын толтырады және куәгерлердің (мүдделі емес адамдардың) қолдарын қояды.

Куәландырылатын адам болып жатқан оқиғаларды бағалай алмайтын немесе медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда куәгерлердің (мүдделі емес адамдардың) қатысуын олардың бастамасы бойынша куәландыру жүргізілетін адамдар қамтамасыз етеді.

13. Медицина қызметкері Қорытынды жасаған кезде және адам куәландыруды жүргізуге келіскен кезде қолда бар клиникалық және (қажет болған жағдайда) зертханалық деректердің не масаңдық тудырған психикаға белсенді әсер ететін заттың түрін растайтын экспресс-тестілеу нәтижелерінің негізінде мынадай жағдайлардың бірін белгілейді:

- 1) байсалды;
- 2) ПБЗ қолдану фактісі, мас болу белгілері анықталмаса;
- 3) алкогольдік масаңдық (жеңіл, орташа, ауыр дәрежелі);
- 4) ПБЗ (есірткі – апиындар, каннабиоидтар, кокаин; седативті, ұйықтататын заттар; психостимуляторлар; галлюциногендер; ұшпа еріткіштер) қолданудан туындаған масаң күй (есірткілік, уытқұмарлық).

14. Қорытынды 3 (үш) данада жасалады, медицина қызметкерінің қолымен және куәландыру жүргізілген медициналық ұйымның мөрімен расталады. Бір данасы куәландырылушыны жеткізген адамға не куәландыруға өз бетінше келген адамға беріледі, екінші данасы медициналық ұйымда қалады және 5 (бес) жыл бойы мұрағатта сақталады, үшінші дана медициналық куәландыруға жеткізілген адамға беріледі.

Алып жүруші болмаған кезде қорытындының данасы медициналық куәландыруға жіберген адамның ресми жазбаша сұрау салуы бойынша поштамен немесе көрсетілген электрондық мекенжайға жіберіледі.

15. Куәландыру нәтижелері куәландырылатын адамға оны жіберген және (немесе) жеткізген адамның қатысуымен дереу хабарланады. Қорытынды зертханалық зерттеулердің нәтижелерін алғаннан кейін шығарылған жағдайларда Қорытындының данасы зертханалық зерттеулердің нәтижелерін алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Куәландырылатын адам не оны жеткізген лауазымды адам медициналық куәландыру нәтижелерімен келіспеген кезде қайта медициналық куәландыру жүргізіледі.

16. Қайта медициналық куәландыру куәландырылушының не оны жіберген және (немесе) жеткізген лауазымды адамның куәландыруға жүгінудің мән-жайлары баяндалған жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

Қайта медициналық куәландыруды медициналық ұйымның дәрігері алғашқы куәландырудан кейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей жүргізеді.

17. Медициналық куәландыру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес медициналық куәландыруды тіркеу журналында (бұдан әрі-Журнал) және мамандандырылған ақпараттық жүйеде болған кезде тіркеледі.

Журнал нөмірленеді, тігіледі және медициналық ұйымның елтаңбалы мөрімен бекітіледі.

Психикаға белсенді әсер
ететін заттарды тұтыну фактісін
және масаң күйде екенін
анықтау үшін медициналық
куәландырудан өткізу
қағидаларына
1-қосымша

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландыру қорытындысы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы факт бойынша куәландыру бастапқы, қайталама (қажеттісінің астын сызу).

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Жасы (туған жылы) _____

Жеке басын растайтын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (болған кезде)

Жұмыс орны, лауазымы _____

Кім және қашан куәландыруға жіберді (нақты уақыты) немесе өзі жүгінді

Куәландыру күні және нақты уақыты

Кім куәландырды (дәрігер, фельдшер, мейіргер)

2. Куәландырудың себебі:

3. Куәландырылушының сыртқы түрі:

4. Мінез-құлық: шиеленісті, жабық, тітіркенген, қозған, агрессивті, эйфориялық, сөйлейтін,

мазасыз, тұрақсыз көңіл-күй, ұйқышылдық, тежелген, өзінің жағдайына шағымдар, тыныш (қажеттісінің астын сызу)

5. Сананың жай-күйі, орынға, уақытқа, жағдайға және жеке тұлғаға бағдарлау

6. Сөйлеу қабілеті: сөйлеудің байланыстылығы, артикуляцияның бұзылуы, түсініксіз сөйлеу

7. Вегетативтік-тамырлық реакциялар (тері жабындарының, көздің, тілдің шырышты қабықтарының жай-күйі, тершеңдік, сілекейдің ағу)

Тыныс алу: жылдам, баяу _____

Пульс _____ артериялық қысым _____

Көз қарашықтары: тарылған, кеңейтілген, жарыққа реакция

Жан-жағына қараған кездегі нистагм _____

8. Қозғалу аясы _____

Мимика: енжар, жанды _____

Жүру (теңселу, жүру кезінде аяқтың жан-жаққа кетуі), бұрылу арқылы жүру (бұрылу кезінде теңселу)

Ромберг позасындағы тұрақтылық _____

Дәл қозғалысы (монетаны еденнен көтеру, саусақ-мұрын сынамасы)

Қабактың, тілдің, саусақтардың дірілдеуі _____

9. Нейропсихиатриялық аурулардың, мидың органикалық зақымдануы, физикалық шаршау

белгілері бар ма. Бастан өткерген жарақаттар (куәландырылушының сөзінен)

Бастан өткерген жарақаттар (куәландырылушының сөзінен)

10. Алкогольді, психикаға заттарды соңғы қолдану туралы мәліметтер: субъективті, объективті (құжаттар бойынша, сөздер бойынша)

11. Алкогольдің иісі _____

12. Шығарылатын ауада және организмнің биологиялық ортасында алкогольдің болуы:

а) ауа аспапта зерттелді _____

Зерттеу уақыты мен нәтижелері _____

қайта зерттеу _____

б) биологиялық орта (орталар) (несеп, сілекей, қан) зерттелді

_____ әдістері _____ сынама алу уақыты

Зерттеу уақыты мен нәтижелері

13. Медициналық тексеріп-қараудың немесе ұсынылған құжаттардың басқа да деректері

14 Қорытынды (куәландырылушының жай-күйі психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдалану

фактісін және мас болу жай-күйін анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидаларының

13-тармағында көзделген тұжырымдамаларда сараланады):

Куәландыруды жүргізген медицина қызметкерінің қолы

Куәландыру нәтижесімен таныстым

(куәландырылатын адамның қолы)

Куәландыру нәтижелерімен таныстым, бірақ қол қоюдан бас тарттым

Медицина қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы

Куәгерлер (мүдделі емес адамдар) (куәландырылатын адам болып жатқан оқиғаларды

бағалай алмаған және (немесе) медициналық куәландырудан және (немесе)

танысудан және (немесе) қол қоюдан бас тартқан жағдайда):

1. _____ ҚОЛЫ

2. _____ ҚОЛЫ

Ескертпе.

Психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау

үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес куәландырылатын адам

не оны жеткізген лауазымды адам медициналық куәландыру нәтижелерімен келіспеген кезде қайта медициналық куәландыру жүргізіледі.

Психикаға белсенді әсер ететін
заттарды тұтыну фактісін және
масаң күйде екенін анықтау
үшін медициналық
куәландырудан өткізу
қағидаларына
2-қосымша

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландыруды тіркеу журналы

1. р/с №
2. Куәландыру жүргізу күні, уақыты
3. Куәландырылушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
4. Туған жылы (жасы)
5. Тұрғылықты жері
6. Куәландырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, сериясы және нөмірі
7. Жұмыс орны және лауазымы
8. Қашан, кім куәландыруға жіберді
9. Жеткізген тұлға құжатының сериясы, нөмірі, ресми жолдаманың нөмірі
10. Куәландыруға жіберу себебі
11. Куәландырудан бас тарту туралы белгі
12. Осы факт бойынша куәландыру бастапқы, қайталама болып табылады.
13. Актінің нөмірі және куәландыру нәтижесі
14. Куәландыруды жүргізген медицина қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-203/2020
Бұйрыққа 4-қосымша

Жыныстық сәйкестендіру ауытқушылықтары бар адамдар үшін медициналық куәландыру және жынысын ауыстыруды жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жыныстық сәйкестендіру ауытқушылықтары бар адамдар үшін медициналық куәландыру және жынысын ауыстыруды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 156-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және жыныстық сәйкестендіру ауытқушылықтары бар адамдар үшін медициналық куәландыру және жынысын медициналық түзету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғым пайдаланылады:

1) жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адам - қарама-қайшы жыныстағы адам ретінде өмір сүруге және қабылдануға ұмтылатын адам;

2. Жынысын ауыстыру үшін жыныстық сәйкестендіру ауытқушылықтары бар адамдарды медициналық куәландырудан өткізу тәртібі

3. Жыныстық сәйкестендірудің бұзылулары бар, жиырма бір жасқа толған, әрекетке қабілетті, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар (бұдан әрі – ПМБ) адамнан басқа, жынысына медициналық түзету жүргізуді қалайтын адам (бұдан әрі – куәландырылатын адам) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымға (бұдан әрі-медициналық ұйым) жазбаша өтініш береді .

4. Психиатр дәрігер жынысын медициналық түзетуге қарсы көрсетілімдер болып табылатын ПМБ анықтау мақсатында куәландырылатын адамның қолда бар құжаттарын қарап-тексеруді және зерделеуді жүргізеді.

5. Психиатр дәрігер куәландырылатын адамның психикалық жай-күйіне күмән болған кезде оны Кодекстің 138-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында Медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес медициналық ұйымға стационарлық зерттеп-қарауға жібереді.

6. Жынысын ауыстыруға қарсы көрсетілімдер болып табылатын ПМБ болмаған кезде психиатр дәрігер куәландырылатын адамды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жынысын ауыстыруды жүргізуге ниет білдірген адамның медициналық куәландырудан өтуі үшін қажетті медициналық зерттеп-қарауға сәйкес медициналық зерттеп-қараудан өтуге тұрғылықты жері бойынша емханаға жібереді.

7. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес медициналық зерттеп-қараудан өткеннен кейін психиатр дәрігер куәландырылатын адамды медициналық ұйымның басшысы бекітетін комиссияға медициналық куәландыруға жібереді.

Куәландырылатын адам сондай-ақ гормондық алмастыру терапиясын жүргізгеннен кейін де комиссияның медициналық куәландыруына жіберіледі.

8. Жынысын ауыстыруды жүргізуге ниет білдірген адамдарды медициналық куәландыру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамына мынадай мамандар енгізіледі:

1) психиатрдың үш дәрігері, олардың біреуі сексопатология саласында арнайы білімге ие,

2) уролог,

3) гинеколог,

4) терапевт,

5) эндокринолог,

6) психолог.

9. Комиссияны психиатр дәрігерлердің қатарынан медициналық ұйымның басшысы тағайындайтын төраға басқарады.

Комиссия хатшысын психиатр дәрігерлердің қатарынан комиссия төрағасы тағайындайды.

10. Комиссияның құзыретіне мынадай қорытындылардың бірін шығара отырып, мәселелерді қарау жатады:

1) гормондарды алмастыру терапиясын жүргізу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы ;

2) жынысты хирургиялық түзетуді жүргізу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы;

3) жынысын ауыстырғысы келетін адамға қосымша зерттеп-қараулар жүргізу туралы.

11. Куәландырудан өткен жынысын ауыстырғысы келген адамға мыналар бас тарту үшін негіздер болып табылады:

1) жіті және (немесе) созылмалы ПМБ болуы;

2) генетикалық және (немесе) хромосомалық ауытқулардың болуы;

3) куәландырылатын адамның өмірі және (немесе) денсаулығы үшін қауіпті болатын соматикалық ерекшеліктердің, жынысын ауыстыру процесінде асқынулардың болуы;

4) жынысын ауыстыру бойынша медициналық іс-шаралардың бірінші кезеңінің теріс нәтижелері.

12. Комиссия қорытындысын Комиссия хатшысы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 (үш) данада ресімдейді және оған төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Жынысын ауыстырудың бірінші немесе екінші кезеңі басталар алдында Комиссия қорытындысының қолданылу мерзімі осы кезеңде осы Қағидалардың 11-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген аурулар болмаған кезде 6 (алты) айдан аспайды.

13. Комиссия хатшысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қорытындының 2 (екі) данасын куәландырылатын адамға береді.

Комиссия қорытындысын беру туралы жазба осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жынысын медициналық түзетуді жүргізуге тілек білдірген адамдарды медициналық куәландыру жүргізу туралы берілген қорытындыларды есепке алу журналында тіркеледі.

Қорытындының үшінші данасы медициналық ұйымда сақталады.

14. Комиссияның қорытындысына байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.

3. Жыныстық сәйкестендіру бұзылушылықтары бар адамдардың жынысын ауыстыруды жүргізу тәртібі

15. Жынысты ауыстыру жүргізу комиссияның оң қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

16. Жынысты медициналық түзету гормондық алмастыру терапиясынан (бұдан әрі – бірінші кезең) және жынысты хирургиялық түзетуден (бұдан әрі – екінші кезең) тұрады.

17. Жынысты ауыстыру (гормондық алмастыру терапиясы және жынысты хирургиялық түзету) қызметтің тиісті түріне лицензиясы бар медициналық ұйымдарда жүргізіледі.

18. Жынысын ауыстыруды жүргізу кезінде гормондық алмастыратын терапия Кодекстің 138-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін Қазақстан Республикасында эндокринологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Жынысты ауыстыруды жүргізу кезінде хирургиялық түзету Кодекстің 138-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына және Урологиялық және андрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Жыныстық сәйкестендіру
ауытқушылықтары бар адамдар
үшін медициналық куәландыру
және жынысын ауыстыруды
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Жынысын медициналық түзетуді жүргізуге тілек білдірген адамдардың медициналық куәландырудан өтуі үшін қажетті медициналық зерттеп-қараулар

1. Жалпы клиникалық қан мен несеп талдауы.
2. Вассерман реакциясына (ВР), АИТВ инфекциясына қанның талдауы.
3. Қанның биохимиялық талдауы (бауыр сынамалары, ақуыз фракциялары).
4. Екі проекциядағы бас сүйегінің суреті.

5. 17-кетостероидтар, жалпы эстрогендер, тестостерон (Т), пролактин (ПРЛ), лютеинизациялайтын гормон (ЛГ), фолликулды ынталандыратын гормон (ФЫГ).

6. Кариотипті, генетикалық жиынтықты анықтау.

7. Психиатр дәрігердің (сексопатологтың) қорытындысы.

8. Эндокринологтың қорытындысы.

9. Психологтың қорытындысы.

Жыныстық сәйкестендіру
ауытқушылықтары бар адамдар
үшін медициналық куәландыру
және жынысын ауыстыруды
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Ұйымның мөртабаны

Жынысын медициналық түзетуді жүргізуге тілек білдірген адамдарды медициналық куәландыру жөніндегі комиссияның қорытындысы

Суретке
арналған
орын

жанынан
медициналық ұйымның атауы, мекенжайы
Азамат _____

Т.А.Ә. (бар болса), туған күні, айы, жылы

Мына мекенжайда тұратын:

Қорытынды: _____

Ұсыным: _____

Күні: 20__ жылғы " __ " _____

Төраға _____ Т.А.Ә. (бар болса)

қолы

хатшы: _____ Т.А.Ә. (бар болса)

қолы

Ұйымның
мөрі

Қорытындыдағы мәліметтерді жариялауға тыйым салынады

Жыныстық сәйкестендіру
ауытқушылықтары бар адамдар
үшін медициналық куәландыру

Жынысын медициналық түзетуді жүргізуге тілек білдірген адамдарға медициналық куәландыру жүргізу туралы берілген қорытындыларды есепке алу журналы

p/c №	Жүгіну күні	Куәландырыл атын адамның Т.А.Ә. (ол болған кезде)	Туған күні	Мекен-жайы	Жүгіну	
					бастапқы	қайталаған
1	2	3	4	5	6	7

Қорытындының нәтижесі	Қорытындыны берген күн	Қорытындының №	Қорытындыны алған адамның қолы	Қорытындыны берген адамның қолы
8	9	10	11	12

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-203/2020
Бұйрыққа 5-қосымша

Мерзімінен бұрын жазылып шыққан ретінде сот қаулысымен шығарылғандардан басқа, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты мәжбүрлеп емдеуде болған адамдар психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымнан шығарылғаннан кейін мәжбүрлеп емдеуге ұшыраған адамдардың қолдап емдеуден өту қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 19.03.2025 № 24 (06.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мерзімінен бұрын жазылып шыққан ретінде сот қаулысымен шығарылғандардан басқа, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты мәжбүрлеп емдеуде болған адамдар психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымнан шығарылғаннан кейін мәжбүрлеп емдеуге ұшыраған адамдардың қолдап емдеуден өту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 174-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және мерзімінен бұрын жазылып шыққан ретінде сот қаулысымен шығарылғандардан басқа, мәжбүрлеп емдеу ұйымынан шығарылғаннан кейін мәжбүрлеп емдеуге ұшыраған, психикаға белсенді әсер ететін заттарды (бұдан әрі – ПБЗ) тұтынумен байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (

аурулары) (бұдан әрі – ПМБ) бар адамдардың қолдап (рецидивке қарсы) емдеуден өту тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 19.03.2025 № 24 (06.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мерзімінен бұрын жазылып шыққан ретінде сот қаулысымен шығарылғандардан басқа, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты мәжбүрлеп емдеуде болған адамдар психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымнан шығарылғаннан кейін мәжбүрлеп емдеуге ұшыраған адамдардың қолдап емдеуден өту тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 19.03.2025 № 24 (06.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Сот қаулысы бойынша мерзімінен бұрын емделгендер ретінде жазылғаннан басқа , психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымнан шығарылғаннан кейін мәжбүрлеп емдеуге ұшыраған адамдардың қолдап емдеу (бұдан әрі – қолдап емдеу) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін аумақтық ұйымдарда жүзеге асырылады.

3. ПМБ бар адамдар Кодекстің 176-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін динамикалық байқау, сондай-ақ ПМБ бар адамдарды динамикалық байқауды тоқтату қағидаларына сәйкес динамикалық наркологиялық байқау тобында бақыланады .

4. Психиатр (нарколог) дәрігер ПМБ бар адамдарды қолдаушы емдеу кезінде емдеудің жеке жоспарын және оңалтудың жеке бағдарламасын жасайды.

5. Жеке емдеу жоспары және жеке оңалту бағдарламасы мыналарды қамтиды:

1) диагностикалық әдістер: организмнің биологиялық сұйықтықтарындағы және тіндеріндегі ПБЗ құрамын талдау, АИТВ-ға тестілеу, эксперименттік-психологиялық диагностика, өмір сапасы мен әлеуметтік жұмыс істеуін анықтау, клиникалық-биохимиялық диагностика, нейрофизиологиялық диагностика;

2) дәрі-дәрмекпен емдеу: психофармакотерапия, симптоматикалық терапия, коморбидтік патология терапиясы, апиынды рецепторлардың блокаторларын қолдану арқылы антагонистік терапия;

3) консультациялық әдістемелер: ПБЗ-ға тәуелді және бір-біріне тәуелді адамдарға медициналық, психологиялық және әлеуметтік консультация беру;

4) тренингтік әдістемелер: қолдаушы рецидивке қарсы терапияны жалғастыруға уәждемелік тренингтер, бейімделу дағдылары мен стреске төзімділікті қалыптастыру бойынша, ПБЗ-ға тәуелділікке қайта тартуға психологиялық тұрақтылық қасиеттерін қалыптастыру бойынша;

5) психотерапиялық әдістер: ПБЗ-ға тәуелді адамдардың жеке және топтық психотерапиясы, ПБЗ-ға тәуелді, бұзылу жағдайындағы адамдардың жеке экспресс-психотерапиясы;

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 25 қарашадағы
№ ҚР ДСМ-203/2020
бұйрығына 5-1-қосымша

Ескерту. Оң жақ жоғары бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 19.03.2025 № 24 (06.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Консультативтік байқау жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағидаларымен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.12.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы консультативтік байқау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 176-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және консультативтік байқау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) консультативтік байқау – психикаға белсенді әсер ететін заттарды зиянды пайдаланатын адамды және (немесе) құмар ойындарға патологиялық құштарлығы бар адамды медициналық байқау;

2) психикаға белсенді әсер ететін заттарды зиянды пайдалану – тәуелділік синдромының белгілері жоқ физикалық және (немесе) психикалық және (немесе) құқықтық зардаптарға әкеп соққан медициналық емес мақсатта пайдалану.

2-тарау. Консультативтік байқау тәртібі

3. Егер адам мамандандырылған көмексіз қалатын болса, психикаға белсенді әсер ететін заттарды (алкоголь мен темекіден басқа) зиянды тұтынған адамға және (немесе) аурудың даму немесе өршу тәуекелінің алдын алу мақсатында құмар ойындарға патологиялық әуестігі бар адамға (ауыр, өзгемейтін сипат алған, асқынған ауыр белгілері жиі болатын созылмалы немесе ұзаққа созылған бұзылушылыққа немесе айқын әлеуметтік бейімделуге ауысуына) консультативтік байқау белгіленеді.

4. Консультативтік бақылау психикалық, мінез-құлық бұзылушылықтары (бұдан әрі – ПМБ) бар адамдарды консультативтік бақылау топтарына, консультативтік бақылауға

алу, ауыстыру, тоқтату өлшемшарттарына, сондай-ақ осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес байқау жиілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Консультативтік байқау психиатр дәрігердің тұрақты қарап-тексерулері арқылы адамның психикалық денсаулығының жай-күйін байқауды және оған қажетті медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді көздейді.

6. Психикалық жай-күйі өзгерген және/немесе байқаудан жалтарған кезде консультативтік байқаудағы адам куәландырудан өтеді және психиатр дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша динамикалық байқауға ауыстырылады.

7. Консультативтік байқаудағы адамдар туралы мәліметтер контингентке кірмейді және статистикалық есепке алу үшін электрондық ақпараттық жүйелерде (бұдан әрі – ЭАЖ) тіркеледі.

8. Консультативтік байқаудан алу не динамикалық байқау тобына ауыстыру учаскелік психиатр дәрігердің ұсынымы бойынша дәрігерлік консультациялық комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

9. Консультативтік байқауда тұрған адамдар оң динамика болған және 12 ай ішінде аурудың қайталануы болмаған кезде консультативтік байқаудан алынады.

10. Консультативтік байқау кезінде психикалық денсаулық кабинетінің немесе бастапқы психикалық денсаулық орталығының психиатриялық бейіндегі дәрігері мыналарды жүзеге асырады:

- 1) клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностикалық іс-шаралар;
- 2) клиникалық хаттамаларға сәйкес емдеуді тағайындау (қажет болған жағдайда);
- 3) консультативтік байқау, сондай-ақ консультативтік байқауды тоқтату туралы мәселені шешу;
- 4) ПМБ бар адам туралы ақпаратты ЭАЖ-ға енгізу;
- 5) консультативтік байқауды жүзеге асыру;

6) ПМБ бар адамдарды зерттеп-қарауға және (немесе) емдеуге, медициналық-әлеуметтік оңалтуға аумақтық психикалық денсаулық орталығына немесе "Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберу (көрсетілімдер бойынша).

11. Консультативтік байқау кезінде психолог психикалық-профилактикалық іс-шараларды, психологиялық консультация беруді, эксперименттік психологиялық зерттеп-қарауды және психикалық түзетуді жүргізеді.

Психикалық, мінез-құлықтық
бұзылушылықтары (аурулары)
бар адамдарды консультативтік
байқау, сондай-ақ
консультативтік байқауды
тоқтату қағидаларына
қосымша

Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды консультативтік байқау топтары, консультативтік байқауға алу, ауыстыру, алып тастау өлшемшарттары, сондай-ақ байқау жиілігі

№	Консультативтік байқау тобы	А л у өлшемшарттары	Байқау мерзімділігі	Консультативтік байқауды тоқтату өлшемшарттары
1	2	3	4	5
1	Есірткі заттарын тұтынудан туындаған ПМБ бар адамдар, зиянды тұтынудан (АХЖ-10 коды F1x.1)	Есірткі заттарын тұтынудан, зиянды тұтынудан туындаған ПМБ,	12 ай (алғашқы 6 айда – айына кемінде 1 рет, одан әрі тоқсанына кемінде 1 рет)	Консультативтік байқаудың белгіленген мерзімінен 12 ай ішінде аурудың қайталануының болмауы
2	ПМБ бар – құмар ойындарға патологиялық әуестігі бар адамдар (АХЖ-10 коды F63.0)	Құмар ойындарға патологиялық әуестік		

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-203/2020
Бұйрыққа 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Психикалық белсенді затты пайдалану фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыру жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 13 шілдедегі № 504 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15519, 2017 жылғы 29 тамызда тіркелген).

2. "Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 187 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10843 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 мамырда жарияланған).

3. "Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған адамдарды есепке алу, қарау және емдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2009 жылғы 2 желтоқсандағы № 814 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық

актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5954 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде 2010 ж., № 1, 366-құжат; Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдары актілерінің жинағында 2010 жылғы № 7 жарияланған).

4. "Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған адамдарды есепке алу, қарау және емдеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 2 желтоқсандағы № 814 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1083 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13030 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 28 маусымда жарияланған").